

BD110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтың «Жүректің туа біткен кардиоваскулярилы аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Критерийлер сәйкестігі</p> <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Ресми рецензенттің ұстанымы</p>
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі</p> <p>Республикасының Жогары ғылыми-жанындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттын көрсету)</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 18-бабының 3-тармағына сәйкес іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді айқындаудың басым бағыттарын көздейді.</p> <p>К.С.Кемельбеков өз диссертациясында нәрестелер мен сәби жастағы балалардағы жүректің туа біткен даму ақауларының таралуы мен құрылымына талдай отырып, шағла туылған нәрестелерде «Ашық артериалды өзекшені» минни инвазияті «клипирлеу» технологиясын жасау және жетілдіру, жүректің туа біткен критикалық даму ақаулары бар жана туған нәрестелерге миннинвазияті хирургиялық ем шараларының нәтижесін байланыстыра зерделегуге мүмкіндік берді, соның негізінде философия докторы дәрежесіне ұсынғылып отырлған диссертацияның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен тоғысқан құндылығы да нақтыланды. Осы қатарда, «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында отандық және әлемдік практикаларға сәйкес ғылыми тұжырымдарды сапалы тәжірибелік қормен қамтамасыз етуге, ғылыми сұраныс нәтижелерін халықаралық стандарттар тұрғысынан негіздеу қажеттіліктеріне, зияткерлік әлеуетіне</p>

		<p>Басымдык берілгендіктен, ізденуші тарапынан ұсынылған тәжірибе қорытындылары мен сауалнама, бақылау тапсырмаларының өлшемдік үлесі жұмыстың ғылыми және техникалық даму сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік беріп отыр.</p>
2.	<p>Ғылымға маныздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маныздылығы <u>ашылған</u>.</p> <p>Диссертацияларға қойылатын талаптар аясында жұмыстың ғылыми нәтижелері теориялық және әдістемелік негізде дәлелденіп, мазмұнды ізденістердің тұжырымдамалық қорын ұсынған. Диссертант кешенді талдау арқылы жаңа туылған нәрселер мен шала туылған нәрселердегі жүректің туа біткен даму ақаулары кезіндегі минни инвазивті хирургиялық түзетулі зерттеуді ұсынуды мақсат ете отырып, қарастырылған міндеттер арқылы шеше білген. Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, оның бағалар кардиохирургиясы мен бағалар хирургиясының зерттеу салаларындағы маныздылығы ашылған.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: <u>Д жоғары</u>:</p> <p>Диссертанттың қатысуымен зерттеу жұмысының өзектілігі бойынша әдебиеттерге шолу, мақсаты, міндеттері мен бағдарламасын құрастыру және ұйымдастыру, жүзеге асыру барысында сауалнамалар жүргізу, жинақталған нәтижелерді статистикалық өңдеу, алынған мәліметтердің қорытындыларына сүйене отырып, талдау, тұжырымдар және ұсыныстар дайындалды. Алынған мәліметтердің нәтижелерін ғылыми конференциялар мен баспаарда жарияланды.</p>
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>Д негізделген</u>:</p> <p>Жүректің туа біткен даму ақаулары бар бағаларға медициналық көмек көрсету сапасын (ерте диагностикалау, оперативті коррекциялау, асқынудың алдын алу мен кешенді реабилитациялау) жақсарту педиатрия мен бағалар кардиохирургиясының өзекті мәселесі болып табылады. Ұрықтағы жүректің туа біткен даму ақауларын ерте анықтау, нәрестенің дүниеге келгеннен кейінгі клиникалық жағдайының нашарлау қаупін кемітіп, өз уақытында қажетті емді жүргізуге мүмкіндік береді. Жүректің туа біткен даму ақаулары бар бағаларға кардиохирургиялық көмек көрсетуді жақсарту болып - ең жиі кездесетін және өлім көрсеткіші жоғары жүректің туа біткен даму ақауларының нозологиялық түріне хирургиялық түзетулерді ерте</p>

	<p>жүргізу арқылы онтайландыру болып табылады. Осы мақсатта жүректің туа біткен даму ақауларының ішінде кең тараған ақаулардың бірі – туа біткен ашық артериалды өзекше таңдалынып алынды. Көптеген авторлардың деректерінде кездесу жиілігі әртүрлі және барлық жүрек пен қан тамырлардың даму ақауларының 25%-дан 34%-ға дейінгі жиілікті көрсетеді және нәрестелер өмірінің алғашқы айында хирургиялық түзетулерді қажет ететін даму ақауларының 3% құрайды.</p> <p>Келтірілген деректердің барлығы диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігін дәлелдейді.</p>
<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p><u>Д айқындайды:</u></p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының мазмұны 5 тараумен қамтылған аяқталған білікті ғылыми еңбек болып есептеледі. Кіріспе, әдебиеттер тізімі берілген, зерттеу материалдары мен тәсілдері, жүргізілген бақылаудың нәтижелерін талдау, алынған нәтижелер, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, қолданылған әдебиеттермен, қосымшадан құрастырылған.</p> <p>Неонаталды кардиохирургиядағы құрылымдық ерекшеліктері, қауіп факторлары, өлім көрсеткіштерін ескере отырып, жүректің туа біткен даму ақаулары бар нәрестелерге хирургиялық көмек көрсету шараларын онтайландыру негізде зерделеуге бағытталған диссертацияның мақсаты мен міндеттері анық, тақырып мазмұнын ашуға негізделген. Диссертация жүректің туа біткен кардиоваскуляры аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсартуды бағалардағы жүректің туа біткен даму ақауларының таралуы мен құрылымына талдау жасау, жүректің туа біткен даму ақауларын қалыптастыратын қауіп-қатер факторлары мен өлім себептерін анықтау, жүректің туа біткен критикалық даму ақаулары бар жана тұтан нәрестелерге мининвазивті хирургиялық ем шараларының нәтижесін зерттеу және жүректің туа біткен даму ақаулары бар нәрестелер мен ерте жастағы бағаларға хирургиялық көмек көрсету шараларын жақсартуды көздеп отырып, 6 міндетті шешу қажеттігін анықтаған.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><u>Д сәйкес келеді:</u></p>	<p>Диссертациялық жұмысының ғылыми ережелері мен қорытындылары толық</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері</p>	<p>Диссертациялық жұмысының ғылыми ережелері мен қорытындылары толық</p>

мен құрылысы логикалық байланысқан:

1) толық байланысқан:

негізделген, сенімділік дәрежесі айқындалған және қойылған міндеттерге сәйкес. Қорғауға шығарылған қағидалар ғылыми жұмыстың қорытындысы мен тұжырымдарына сәйкес келеді. Орындалған ғылыми зерттеудің дәйектілігі мен логикалық байланысы байқалады. Зерттеу нәтижелерінің нақтылығы диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдарын негіздеуге мүмкіндік береді. Бөлімдер арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.

4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:

1) сыни талдау бар:

Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен қағидалары өзара байланысты және біртұтас бірізділікпен баяндалған. Әдебиетке шолу мен зерттеу нәтижелері бір – бірімен өзара байланысқан. Зерттеу нәтижелері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде Жамбыл Облысы бойынша нәрестелер мен ерте жастағы балалар арасында жүректің туа біткен даму ақауларының таралуының динамикалық ерекшеліктеріне сипаттама жасалынған. Нәрестелер мен ерте жастағы балалардың жүректің туа біткен даму ақауынан өлім жағдайына ұшырауы ақаудың түрі мен олардың өзара қосарлану жағдайына тәуелді болып келетіндігі анықталған. Жүректің туа біткен даму ақауларының ерте жастағы балалар арасында таралуы мен құрылымы, олардың туындауына әкелетін қауіп-қатер факторлары және өлім себептері туралы алынған мәліметтер педиатриялық және кардиохирургиялық көмек көрсетуді жақсартуға бағытталған аймақтық бағдарламаны құрастыруға негіз бола алады. Шала туылған нәрестелердегі айқын гемодинамикалық ашық артериялды өзекше өз уақтысында мини инвазивті хирургиялық жолмен «клипирлеу» арқылы емдеу тәсілі хирургиялық көмек көрсету шараларын жақсартуға негіз бола алған. Критикалық даму ақаулары кезінде мини инвазивті торококопиялық және торокотомиялық хирургиялық әдістердің көмегімен емдеу шараларын жақсартуды жетілдіру шаралары қалыптастыруда басқа да шетелдік және ресейлік авторлардың әдістерімен салыстырмалы сыни талдаулар жүргізілген(Өнертабысқа патент «Шала және жетіліп туылған нәрестелердегі ашық артериялық өзекшені стационарлық жағдайда клипирлеу әдісі». Өтінім тіркеу № 2020/007.2).

Диссертанттың ғылыми еңбегінің бір бүтін құрылымын осы нәтижелердің

	<p>іншгей біртұтастығы айқындап отыр</p> <p>1 Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін орындау барысында алынған қағидалар мен деректер Жамбыл, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласының емдік – профилактикалық ұйымдарының тәжірибесіне енгізілген.</p> <p>2 «Жетіліп және шала туылған нәрестелердегі туа біткен даму ақаулары» атты оқу құралы АҚ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» ғылыми кітапханасының қоры ресстріне тіркеліп, қолдану үшін ендірілді</p> <p>03.12.2019ж., ғылыми зерттеу жұмысының зерттеу нәтижелерін денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізу туралы Ақт қабылданды.</p> <p>3 Зерттеу нәтижелері бойынша «Жетіліп және шала туылған нәрестелердегі туа біткен даму ақаулары» атты оқу құралы 11.10.2019 жылы дайындалып, 17.05.2019 жылы №3403 Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіміме мәліметтерді енгізу туралы куәлікпен куәландырылды. Оқу құралы Жамбыл облысы, Шымкент және Түркістан қалаларының бағалар ауруханалары және МСАК ұйымдары дәрігер-мамандарына қолдануға ұсынылды.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жана болып табыла ма? <u>1) толығымен жана:</u></p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма? <u>1) толығымен жана:</u></p> <p>1. Жамбыл Облысы бойынша (2014-2018жж) ерте жастағы бағалар арасында ЖТДА 1000 балаға шаққанда $9,0\pm 1,2$ жиілікпен кездесті, жыныстық ерекшеліктер бойынша айтарлықтай айырмашылық анықталмады (қыз бағалар-53%, ұл бағалар-47%). ЖТДА ішінен: қарынша аралық қалқаның ақауы (1000 нәрестеге шаққанда $4,8\pm 0,5$), жүрекше аралық қалқаның ақауы($0,32\pm 0,3$) және Фалло Тетрадасы ($0,45\pm 0,1$) жиі кездесті. Шала туылған нәрестелердегі кейбір анатомиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ЖТДА-нан туа біткен ашық артериалды өзекшенің кездесі жиілігі – $2,3 \pm 0,1$ құрады және қалыпты популяциялық таралудан ($0,38\pm 0,08$) 6 есе жотары.</p> <p>2. Өзірленген оталау технологиясы пациенттер үшін барынша қолайды болды. Ашық артериалды өзекше жолын клипстің көмегімен жабу осы топтағы науқас бағалардың онсыз да ауыр жағдайын ауырлатпай, отаны жылдам ($25,6\pm 3,7$ минут) жүргізуге мүмкіндік берді. Біз жасаған осы операцияға арналған құралдар жиынтығын қолдану оны кеуде</p>

бұлшықеттерінің тұтастығын бұзбай шағын қол жетімділік арқылы жүргізуле мүмкіндік берді. Түтікке жоспардан тыс қол жетімділікті қолдану пневмоторакстың пайда болу қаупін және отадан кейінгі кезеңде шлевра қуысын дренаждау қажеттілігін азайтуға мүмкіндік берді.

3. Жүректің туа біткен критикалық даму ақаулары бар жана тұтан нәрестелерге мининвазивті хирургиялық ем шараларының нәтижесін зерттеу бойынша шала туылған нәрестелердегі туа біткен ашық артериялды өзекшені хирургиялық жолмен қалпына келтіру жүргізілді. ААӨ-ті мининвазивті торакотомиялық клипирлеудің жетілдірілген әдісі кез келген жастағы және кез келген салмақты балаларда оны жабулды жүргізуле мүмкіндік береді, сонымен қоса, шала туылған аз салмақты балаларда артқы-бүйірлік жолмен. Плеврадан тыс жолмен мини-торакотомия арқылы ААӨ-ті клипирлеу технологиясы 95,4% бағала отадан кейін алғашқы тәулікте ААӨ бойынша қанның ағысының толық тоқтауына, 100% бағалада клиникалық маньызды қан ағысының тоқтауына, 68%-дан астам бағалада ӨЖЖ-нен өздігінен тыныс алуға өтуіне қол жеткізуле мүмкіндік береді. Шала туылған нәрестелерде гемодинамикалық маньызды ААӨ-ті уақытылы хирургиялық жабу ӨЖЖ уақытын кемітті. ААӨ-пен шала туылған нәрестелерде оперативті араласу аз көлемді асқынғыстармен және төмен отадан кейінгі өлім көрсеткішін 2,3 есе төмендетті.

4. ТБЖДА бар бағаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру процесін оңтайландыру үшін ТБЖДА диагностикалық критерийлері, ТБЖДА-ға күдікті және дәрігермен алғаш рет байланыста болатын ЕСМ үшін іс-әрекеттер бейнесі (алгоритмі) бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ ТБЖДА бар пациенттерді есепке алуды (тіркелімді), сондай-ақ облыс және аймақ деңгейінде мониторинг жүйесін ұйымдастыру бойынша денсаулық сақтау басқармалары үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді

Ғылыми зерттеу жұмысының ұсынылған зерттеу әдістері бірін-бірі толықтырып, өзара байланыстылығын көрсетеді. Зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сай алынған материалдарды статистикалық талдау аса ұқыптылықпен орындалып, деректер базасына енгізілген материалдар статистиканың заманауи әдістері арқылы өңделген.

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?

1) Толығымен жана:

<p>6.</p> <p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген</p>	<p>Зерттеудің қол жеткізген нәтижелері неонаталды кардиохирургиядағы құрылымдық ерекшеліктері, қауіп факторлары, өлім көрсеткіштерін ескере отырып, жүректің туа біткен даму ақаулары бар нәрестелерге хирургиялық көмек көрсету шараларын онгайландыруға арналған аса өзекті мәселені шешуге бағытталған.</p> <p>Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бір жасқа дейінгі балалар арасында ЖТБДА таралуы анықталды. Ең көп таралған ЖТБДА: қарыншааралық қалқаның ақауы, ашық сопақ терезенің түрі бойынша жүрекше аралық қалқаның ақауы және ашық артериялды түтікше. 2. Балалардағы ЖТБДА даму қаупінің ең маңызды факторлары ата-аналардың жасы, жүктілік саны, жүктілік кезінде ананың инфекциялық-қабыну аурулары, ұрықтың құрсақтағы жұқпалары және анамнезінде анасындағы ЖТБДА кездесуі болып табылады. Елеулі емес, бірақ қауіп-қатерді анықтауға үлес қосатын жүктілікпен тікелей байланысты жағдайлар (айқын токсикоз, жүкті әйелдердің гестоздары, анемиялар) енгізілді. Бірінші жастағы балалар өлімінің негізгі себептері біріктірілген күрделі жүрек ақауымен немесе жедел түзету кезінде немесе операциядан кейінгі кезеңде туындатқан асқынулармен байланысты болды. 3. Жүректің туа біткен критикалық даму ақаулары бар жана тұтан нәрестелерге мини инвазивті хирургиялық ем шараларының нәтижесін зерттеу бойынша шала туылған нәрестелердегі туа біткен ашық артериялды өзекшені хирургиялық жолмен қалпына келтіру жүргізілді. Нәтижесінде ААӨ-пен шала туылған нәрестелерде оперативті араласулары асқынулардың көлемі азайтылды және төмен отадан кейінгі өлім көрсеткішін төмендетілді. 4. Антенаталды ұрықтың және постнаталды кезеңдерде ерте жастағы балаларға ТБЖДА күдігі кезінде медициналық көмекті ұйымдастырудың жашы алгоритмі құрастыру ТБЖДА бар пациенттерді есеікке алуды (тіркелімді), сондай-ақ облыс және аймақ деңгейінде мониторинг жүйесін ұйымдастыруға негіз болды. <p>Зерттеу нәтижесінде ұсынылған қағидалар толық дәлелденген, дербес жүргізілген - тривияльді емес, колдану аясы кең, алынған ақпараттар алыс</p>
<p>7.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар</p>	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривияльды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде ұсынылған қағидалар толық дәлелденген, дербес жүргізілген - тривияльді емес, колдану аясы кең, алынған ақпараттар алыс</p>

		және жақын шетелдік және отандық журналдарында ғылыми мақалалары жарияланды
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>Д и я</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>Д и я:</p>	<p>8.1 Диссертация нәтижелеріне байланысты 23 басылым, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 6 мақала, 14 шетелдік және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар (Австрия, Ресей және Қазақстан) жинағында, 3 басылым Scopus дереккор (Journal of Cardiovascular Pharmacology 2021(қвартиль - Q2, процентиль-82); Current Pediatric Research 2021(процентиль-30); Systematic Reviews in Pharmacology 2020 (қвартиль - Q2, процентиль-68)) қатарына кіретін шетелдік журналдарында жарияланды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 1 оқу құралы («Жетіліп және шала туылған нәрестелердегі даму ақаулары» 2019жыл) жазылды және 2 авторлық құқық («Жетіліп және шала туылған нәрестелердегі туа біткен даму ақаулары» авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың Мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 2019 жылғы 17 «мамыр» № 3403 және «Шала туылған нәрестелердегі ашық артериалды өзекшені заманауи минималды инвазивті хирургиялық емдеу әдістері» авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың Мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 2020 жылғы 11 «желтоқсан» № 13898) алынды.</p> <p>8.2 Материалдарды статистикалық өңдеуде IBM PC және оның арнайы статистикалық бағдарламасы қолданылды. Ғылыми жұмыстың зерттеу барысында алынған нәтижелер «Microsoft Excel 2016» электрондық кестелер , Statistica for Windows» v. 10.0, StatSoft Inc. (АҚШ) қолданбалы бағдарламалық жүйе және «SPSS Statistics-20» статистикалық бағдарламалары арқылы статистикалық өңдеуден өткізілді.</p> <p>Статистикалық талдау материалдар озық параметрлік және параметрлік емес биомедициналық зерттеулердегі статистикалық талдау әдістерін, сондай-ақ , медициналық деректерді талдау үшін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес дәлелді медицина критерийлерін пайдалана отырып жүзеге асырылды.</p>

	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>Дия:</p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</p>	<p>Статистикалық зерттеу әдістері барысында: интенсивті көрсеткіш, экстенсивті көрсеткіш, орташа статистикалық категілік; t - сенімділік; p – мінсіз болжам тиімділігі ($p=95,0\%$, $99,9\%$), ($p=95,0\%$; $p=99,9\%$, $p<0,01$; $p<0,001$), орташа мәнде арасында айырмашылық бар (немесе жоқ) туралы болжамды тексеру үшін параметрлік емес критерийлер және Пирсонның корреляциялық байланыс коэффициенттік формуласы қолданылды.</p> <p>8.2 Теориялық негізде талданған зерттеулер диссертанттың базалық платформасын саралаумен қатар, эксперименттік бөлімінің негізгі бағытбағдарын ішкі бірлікте ұстауға селтіпін типізді. Зерттеу барысында ғылыми тұрғыда негізделген жүректің туа біткен критикалық даму ақаулары бар жана туған нарестелерге мининивазивті хирургиялық ем шараларының нәтижесін зерттеу бойынша қорғауға ұсынылатын тұжырымдар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. 102 адам қатысқан тәжірибе нәтижелері сандық та, сапалық та тұрғыдан манызды деректер қорын құрай алады.</p> <p>8.4 Докторант Кемельбеков Канатжан Сауханбекович өз жұмысында академиялық адалдық қағидаларын ұстанған. Автор өзге авторлардың құжықтары мен заңды мүдделерін диссертация мәтінде авторларға сілтеме жасау арқылы сақтаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Әдебиет тізімінде 85 – шетел авторлары , 12 – отандық, 86 – ТМД мемлекеттерінің ғалымдарының ғылыми зерттеулеріне сілтемелер жасалған. Диссертант зерттеу тақырыбының өзектілігін алыс, жақын шетел авторлары мен отандық ғалымдардың әдебиеттерін пайдалана отырып, негізгі қағидаларын айқындап, ғылыми нәтижелерін кезең кезеңімен дәйектеген.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>Дия</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>Жүректің туа біткен даму ақауларының таралуы мен құрылымы, көрсеткіштері мен құрылымына терең талдау жасау арқылы теориялық маңызы мәселелерді шешудегі рөлі аса жогары болды. Аталған теориялық</p>

		<p>манызды мәселелерді диссертанттың қолданбалы мақсат-міндеттерін де тереңірек түсінуге жол ашты. Диссертацияның теориялық маңызы бар.</p> <p>Докторант Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтің ғылыми диссертациялық еңбегіндегі ақпараттар қамтылған оқу құралдары стационарлық дәрігерлер арасында таратылып, еңбек ету тәжірибесінде кенінен қолданылуға ұсынылды.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>Дия:</p>	<p>9.2 Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік бөлімінде келтірілген және зерттеу барысында ЖТБДА-ның ерте жастағы балалар арасында таралуы мен құрылымы, олардың туындауына әкелетін қауіп-қатер факторлары және өлім себептері туралы алынған мәліметтер педиатриялық және кардиохирургиялық көмек көрсетуді жақсартуға бағытталған аймақтық бағдарламаны құрастыруға негіз бола алады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді Жамбыл Облысындағы кез-келген деңгейдегі денсаулық сақтау және емдеу-сауықтыру мекемелеріне медициналық көмек көрсетуді жақсарту мақсатында ЖТБДА бар балаларды бірыңғай тіркеуге алуға және мониторинг жүргізіп отыруға ұсынылуға болады. Осыған орай «Антенаталды ұрықтың және постнаталды кезеңдерде ерте жастағы балаларға ТБЖДА күлді кезінде медициналық көмекті ұйымдастырудың жалпы алгоритмі» құрастырылды.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсынғыстар жана болып табылады?</p> <p>Д) толығымен жана:</p>	<p>9.3 Ғылыми зерттеу жұмыстар нәтижесінде ААӨ-ші бар балаларды саралап емдеу қажеттілігі көрсетілген; ауыр күйдегі шала туған нәрестелерде, реанимация бөлімшесі жағдайында, пациенттерді оперблока тасымалдау кезеңісіз операция жүргізу қажеттілігі; шала туылған нәрестелерге ААӨ-ні мининвазивті торакотомиялық және торакоскопиялық клипирлеудің артықшылықтары көрсетілген. Материалды жүйелеу балаларды хирургиялық емдеу мәселесіне деген көзқарасты стандарттауға мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеу ААӨ-ші бар балаларды хирургиялық емдеу нәтижелерін жақсартуға бағытталған толығымен жана ұсынғыстар құрастырылды.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: Д) жоғары:</p>	<p>Кемельбеков Канатжан Сауханбековичтың 6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша PhD доктор ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған</p>

			<p>«Жүректің туа біткен кардиоваскулярлы аурулары кезінде хирургиялық көмек көрсетуді жақсарту жолдары» атты диссертациялық жұмысы толық аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалғандықтан 6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия дәрежесін (PhD) доктор дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.</p>
--	--	--	--

Ресми рецензент:

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы

ШЖК «Қалалық кардиология орталығы»

МКК директоры, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А.Т.Қодасбаев

Қолды растаймын

